



“Бағалау критерий.”



Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және уәжі туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады.

Александр, 2001


Бағалау

Оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтайтын бағалау **формативті немесе Оқыту үшін Бағалау (ОүБ)** болып табылады.

Егер бағалау мақсаты жіктеу, сертификациялау немесе оқытуды жылжыту үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша бағалау **жиынтық болып табылады** және кейде оны **оқытуды бағалау** деп атайды.



Блум таксономиясы



**Блум, Бенджамин (ағыл.
Benjamin Bloom) (1913-1999)**

Америкалық психолог, оқыту әдістерін зерделеген. 1942 жылы Чикаго университетінде доктор дәрежесін қорғаған. 1965-66 жылдары Ағарту ісін зерттеушілер бірлестігінің президенті болған.


«Адами мінездемелер тұрақтылығы мен өзгеруі» және «Білім мақсаттарын жіктеу». XX ғасырдың 60-70 жылдары АҚШ-тың көптеген білім беру мекемелері тұжырымдамасын қабылдаған,

Г. А. Цукерман

«СИҚЫРЛЫ СЫЗҒЫШЫ»

Г. А. Цукерман
«Сиқырлы сызғышы»

Өзін-өзі бағалау




Өте жоғары деңгей

Жоғары деңгей


Орта деңгей

Төмен деңгей

Мұғалімнің бағалауы



Бағалаудың түрлері



Критерий – оқушы жұмысының орындалған деңгейін анықтау үшін қолданылатын негізгі көрсеткіш. Пәндік нұсқаулықтарда әр пән тобы бойынша қорытынды бағалауға қолданылатын бағалау өлшемдері берілген. Өлшемдер бір мағыналы және айқын болуы шарт.

Дескриптор – әрбір бағалау өлшеміне жетуге тиісті жетістіктер деңгейінің сипаттамасы.

Ұстанымдар негіздері:

- 1. Бағамен оқушының жұмысы бағаланады.**
- 2. Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі болуы шарт.**
- 3. Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.**
- 4. Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.**



Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

- алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- анық, айқындылығы;
- бағаның әділдігі;
- өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі



Пәні: Математика

Тақырыбы: Тік төртбұрыштың ауданы

Мақсаты: $S = a \cdot b$. формуланы пайдаланып, тік төртбұрыштың ауданын табуға үйрету.

Бағалау критерии :

- Тік төртбұрыштың анықтамасын білемін.(1 балл)
- Тік төртбұрыштың ауданын білемін (1 балл)
- Ауданның өлшем бірлігін білемін(1 балл)
- Тік төртбұрыштың ауданын табу формуласын дағы a , b , S нені білдіретінін білемін(1 балла)
- Тік төртбұрыштың ауданын табу формуласын білемін (1 балл)
- Есептің шартын құруды білемін (1 балла)
- Тік төртбұрыштың a және b қабырғалары белгілі болған жағдайда есепті шығара аламын.(2 балла)
- Тік төртбұрыштың ауданын табуға есеп құрастыра аламын (2 балла)

0-4 балл - «2»

5-6 балл - «3»

7-8 балл - «4»

9 – 10 балл - «5»

Критерий	Дескриптор	Жетістік
А (мақ 3) Білу, түсіну	Шығарма мазмұнын толық игеру.	1
	Жүйелі мазмұндай білу.	1
	Кейіпкерлерін ажыратып, қосымша сұраққа жауап беру.	1
В (мақ 3) Қолдану, талдау	Шығарма мазмұны бойынша сұрақ қоя білу.	1
	Шығарманың оқиға желісін талдау.	1
	Шығарма идеясын ажырата білу.	1
С (мақ 4) Жинақтау, бағалау	Тақырыпқа сай тұжырым жасай білу.	1
	Негізгі ойға байланысты өзіндік ой-пікірін түрлі формада білдіре алуы.	1
	Ой жүйелігі.	1
	Тіл байлығы	1

Бағалау шкаласы

«5» - 9 - 10 ұпай

«4» - 7 - 8 ұпай

«3» - 5 - 6 ұпай

«2» - 0 - 4 ұпай

Мазмұндаманы критериалды бағалау

Критерий	Жетіс тік	Дескриптор
Мазмұны (4 ұпай)	1	Мәтінді түсінбеген, тақырыпты аша алмады.
	2	Мәтінді түсінген, мазмұндауда жоспардан ауытқу бар.
	2	Мазмұны тақырыпқа сай, көптеген фактілер бұрмаланған.
	3	Мазмұны тақырыпқа сай келеді, бірақ ойын баяндауда дәлсіздіктер кездеседі.
	3	Мазмұны тақырыпқа сай, бірақ қажетті қорытындылар жасай алмады.
	4	Мазмұны тақырыпқа сай, мәтінді толық түсінген, тақырып ашылған, өзіндік ой- пікірін орынды қолданған.
	15	
Сөздік қоры (4 ұпай)	1	Оқушының сөздік қоры өте жұтаң, сөздердің орын тәртібі сақталмаған.
	2	Сөйлемдері қысқа, сөйлемдер арасындағы байланыс сақталмаған.
	3	Сөздік қоры дамыған, бірақ сөз қайталаулар кездеседі.
	4	Оқушының сөздік қорының кең екендігі байқалады. Сөз қайталаулар, орынсыз қолданылған сөздер кездеспейді. Ойы жүйелі.
	10	
Мазмұндама да жіберілген қателерді бағалау (5 ұпай)	1	5 орфографиялық, 3 пунктуациялық қате кездеседі.
	2	4 орфографиялық, 2 пунктуациялық қате кездеседі
	3	3 орфографиялық, 1 пунктуациялық қате кездеседі
	4	2 орфографиялық, 1 пунктуациялық.
	5	1 жеңіл орфографиялық немесе 1 пунктуациялық қате кездеседі.
	15	

Бағалау шкаласы:

Мазмұны


- «5» - 7 – 8 балл (100%-89%)**
- «4» - 5 – 6 балл (75%-88%)**
- «3» - 3- 4 балл (61%-74%)**
- «2» - 1- 2- балл (60%-дан төмен)**

Қатесі

- «5» - 5 - балл (100%-89%)**
- «4» - 4 - балл (75%-88%)**
- «3» - 3- балл (61%-74%)**
- «2» - 1- 2- балл (60%-дан төмен)**



Бағалау критерий:



1. Фундамент – **1 балл**
 2. Баспалдақ – **1 балл**
 3. Есік – **1 балл**
 4. Терезе - **1 балл**
 5. Шатырдағы терезе – **1 балл**
 6. Сусарқылудың құбыры – **1 балл**
 7. Шатырдағы құбыр – **1 балл**
 8. Үй айналасындағы шөптер – **1 балл**
 9. Үй айналасындағы гүлдер – **1 балл**
 10. 3 түстен кем емес – **1 балл**
- Ең жоғары балл- **10**

0-4 балл -
«2»
5-6 балл -
«3»
7-8 балл -
«4»
9 – 10 балл -
«5»



Қолданылуы:

- ❑ Негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек.
- ❑ Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады.
- ❑ Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.
- ❑ Тоқсан соңында әр критерий бойынша негізгі бақылаудан алынған орташа балл есептелінеді.



Пән бойынша қолдану:



Мазмұндаманың анықтамасы:

- ❖ **Мазмұндама** - оқушының тіл мен әдебиеттен алған білімдерін тексерудің негізгі нысандарының бірі.
- ❖ **Мазмұндама** арқылы баланың өз ойын жүйелі баяндай білу қабілеті мен тіл байлығы, сауаттылық деңгейі айқын көрінеді.
- ❖ **Мазмұндаманы** бағалауда оқушы жұмысының мәтін мазмұны мен негізгі ойға сәйкестігі, тақырыптың толық ашылуы, баяндау жүйесі ескеріліп, сөздік қорының деңгейіне, сөйлем құрылысына, мәтіннің стильдік біртектілігіне, шеберлігіне назар аударылады.

Талаптары:


- 1.Сөздік қорының орынды пайдалануы.**
- 2. Синоним, антоним, омоним, тұрақты сөз тіркестерін тәжірибе жүзінде қолдана білу.**
- 3.Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс пайдалану .**
- 4.Өз ойын грамматикалық тұрғыдан дұрыс, логикалық бірізділікпен жеткізе білуі.**
- 5.Өздігінен қорытынды жасау.**
- 6.Осы талаптарды жүзеге асыруы тек жазылым әрекеті арқылы емес, оқылым, тыңдалым, айтылым әрекеттері негізінде іске асады.**

**А критерийі Жаңа ақпаратты
түсіну және меңгеру.**

***В критерийі Жаңа ақпаратты
талдау және мәтінмен жұмыс.***

**С критерийі Стиль және тілді
қолдану.**





Оқушының оқу жетістігін бағалау критерийі

Критерий		Жетістіктердің ең жоғарғы деңгейі
A	Түсіну	6
B	Талдау (мәтінмен жұмыс)	6
C	Стиль және тілді қолдану	8
Барлығы		20

Мазмұндаманы критериялды бағалау

Критерий	Жетістік	Дескриптор
А (max 6) Түсінуі	0	Тапсырма бойынша берілген критерийлерді орындай алмады.
	1	Мәтінді түсінбеген, тақырыпты аша алмады.
	2	Мәтінді түсінген, мазмұндауда жоспардан ауытқу бар.
	3	Мазмұны тақырыпқа сай, көптеген фактілер бұрмаланған.
	4	Мазмұны тақырыпқа сай келеді, бірақ ойын баяндауда дәлсіздіктер кездеседі.
	5	Мазмұны тақырыпқа сай, бірақ қажетті қорытындылар жасай алмады.
	6	Мазмұны тақырыпқа сай, мәтінді толық түсінген, тақырып ашылған, өзіндік ой- пікірін орынды қолданған.

Критерий	Жетістік	Дескриптор
В (max 6) Талдау, Мәтінмен жұмыс	0	Тапсырма бойынша берілген критерийлерді орындай алмады.
	1	Оқушының сөздік қоры өте жұтаң , сөздердің орын тәртібі сақталмаған.
	2	Сөйлемдері қысқа, сөйлемдер арасындағы байланыс сақталмаған.
	3	Абзац арасындағы байланыс сақталмаған
	4	Сөздік қоры дамыған, бірақ сөз қайталаулар кездеседі.
	5	Тіл байлығы әдеби тіл нормасына сай, бірақ ой жүйесінде ауытқулар бар.
	6	Оқушының сөздік қорының кең екендігі байқалады.Сөз қайталаулар, орынсыз қолданылған сөздер кездеспейді.Ойы жүйелі.

**Критери
й Жетістік****Дескрипторлар**

С (max 8) СТИЛЬ және тілді қолдану	0	Тапсырма бойынша берілген критерийлерді орындай алмады.
	1	10 орфографиялық, 6 пунктуациялық қате Стилдік біркелкілік сақталмаған, сөйлем құрылысы бір үлгіде.
	2	8-9 орфографиялық, 5 пунктуациялық қате Стилдік біркелкілік сақталмаған, сөйлем құрылысы бір үлгіде.
	3	7 орфографиялық, 4 пунктуациялық қате кездеседі. Стилдік ауытқулар бар.
	4	5 орфографиялық, 3 пунктуациялық қате кездеседі. Стилдік ауытқулар бар.
	5	4 орфографиялық, 2 пунктуациялық қате кездеседі. Стилдік ауытқулар бар.
	6	3 орфографиялық, 1 пунктуациялық қате кездеседі. Стилге сай жазылған.
	7	2 орфографиялық, 1 пунктуациялық. Стилге сай жазылған.
	8	1 жеңіл орфографиялық немесе 1 пунктуациялық қате кездеседі. Стил бірлігі сақталған.

Бағалау шкаласы:

«5» - 17 - 20 балл (100%-89%)

«4» - 14 - 16 балл (75%-88%)

«3» - 12 - 13 балл (61%-74%)

«2» - 0 - 11 балл (60%-дан төмен)



Жұмыстың талдауы:

Сыныбы: 7 “В”

Орындалған тапсырма: Мазмұндама (негізгі бағалау)


Қолданған критерийлер: А, В, С

А	В	С
88%	77%	72%
Назар аудару		
Қорытынды бөлімінде ой-пікірін өзіндік орынды қолдану.	Сөздік қорды молайту. Көркемдегіш құралдарды көп қолдану.	Сөздердің жазылу емлесіне көңіл аудару.

Жиынтық бағалаудың қорытындысы:

№	Аты – жөні	Негізгі бағалау				
		A	B	C	Балл	Баға
1	1- оқушы	5	5	7	17	5
2	2- оқушы	5	6	6	17	5
3	3- оқушы	6	5	7	19	5
4	4- оқушы	6	4	4	14	4
5	5- оқушы	6	4	6	16	4
6	6- оқушы	4	4	5	13	3
Жұмыстың орындалуы:		88%	77%	72%	80%	
Білім сапасы:						83%

Критериалды бағалау бойынша мазмұндаманың қорытындысы:



Критериалды оқытудың маңыздылығы:

Мұғалім үшін:

- Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін:

- Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін:

- Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Оқушының аты-жөні: _____

Пәні: **математика**

Күні	Үй тапсырмасы н тексеру		Жаңа сабақ														
			№ 1	№ 2	№ 3	№ 4	№ 5	№ 6	№ 7	№ 8	Қосымша	каллиграфия	Балл	Баға			
	Жазбаша орындауы	Ауызша есептеу															

11-9 балл – 5, 8-6 балл-4, 5-4 балл-3, 3 төмен-2.

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Оқушының аты-жөні: _____

Пәні: **қазақ тілі**

Күні	Үй тапсырмасын тексеру		Жаңа сабақ										
	Жазбаша орындалуы	Ереже	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	4-тапсырма	5-тапсырма	Суретпен жұмыс	Қосымша	каллиграфия	Балл	Баға	

10-8 балл – 5, 7-6 балл-4, 5-3 балл-3, 2 төмен-2.

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Оқушының аты-жөні: _____

Пәні: әдебиеттік оқу

Күні	Үй тапсырмасы						Жаңа сабақ							
	Түсінік айту	Жақтау	Мәнерлеп оқу	Сұрақ - жауап	Дөпгермен жұмыс	Қосымша т.,	Сұрақ - жауап	Мәнерлеп оқу	талдау	Дөпгермен жұмыс	Суретпен жұмыс	Оқу дағдысы	Балл	Баға

8-дан жоғары – 5, 7-6 балл-4, 5-4 балл-3, 3-тен төмен-2.

Үй тапсырмасы:

Құрметті әріптестер!

Алдағы уақытта оқушылардың пәндік жұмыс жасауына критерий жазуларыңызды сұраймыз.

**Көңіл қойып
тыңдағаныңызға
рахмет!**

Thank You !

Благодарю
за внимание!

